

ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЯ В СФЕРЕ ГРАЖДАНСКОЙ ЗАЩИТЫ

ӘОЖ:811.356.252

С. К. Қасымова¹, А. К. Колпенова², Г. К. Мадина¹

¹Қазақстан Республикасы ТЖМ М.Габдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясы, Көкшетау, Қазақстан

²Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

МАЙДАН ХАТТАРЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Аталған мақалада майдан хаттары Ұлы Отан соғысының антропологиялық мазмұнын зерделеудің қайнар көздері ретінде талданады. Соңғы онжылдықта отандық тарихымызда сұрапыл соғыс жылдарының осы бағыттағы зерттеулерге аса мән берілуде. Сол себепті ғалымдарымыз бен тарихшы-зерттеушілеріміздің назарында құнды құжаттар - естелік мемуарлар, күнделіктер мен майдан хаттары т.б. Майдан хаттары сол кездегі солдаттар мен офицерлердің психологиясымен ерекшеліктерін зерделеудің таптырмас қайнар бұлағы болып табылады. Ұлтымыздың рухани байлығының сарқылмас қайнары болып табылатын халық ауыз әдебиетін зерттеп зерделеуде М. Габдуллиннің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Эпистолярлық публицистиканың жауынгер жанры – хаттың тарихы өте ерте замандардан бастау алады.

Түйінді сөздер: эпистолярлық публицистика, тарих, соғыс, әскер, тәрбие, Отан, адалдық, ғалым, әскери тәрбие, қорғаныс.

Мақаламызға арқау болған майдан хаттары эпистолярлық публицистикаға жатады. Ғылымда көптеген ғалымдарымыз хаттарды «Эпистолярлық стиль», «Эпистолярлық әдебиет», «Эпистолярлық жанр» деп атап жүр. Өйткені, эпистолярия грекше (epistole) «хат» деген мағынадан шыққан. Қазақ Совет энциклопедиясында: «Эпистолярлық әдебиет, эпистолография (грекше жолдау, үндеу) – сан алуан хат түрінде жазылған шығарма десе, эпистолярлық әдебиетке жеке адамдардың бір-біріне жазған, мәдени маңызы бар, әдеби мұраға айналған хаттары да жатады...», - деп түсінік береді [1]. Орыс ғалымы Е. М. Виноградова «Функционалдық және құрылымдық белгілері бар кез-келген тексті эпистолярлық», - деп атайды.

Эпистолярлық публицистиканың жауынгер жанры – хаттың тарихы өте ерте замандардан бастау алады. Алғашқы адамдар дүниеге келіп, бір-бірімен хабар, ақпарат алмасу мақсатында алдымен белгі, сурет, бейнелер арқылы байланысса, кейіннен хаттардың көмегімен елдік мәселелерді де шешіп отырған. Бұл туралы профессор Б. Жақып: «Ежелгі замандардағы жазба мәдениеттің көп таралған ертедегі көріністерінің бірі - шаруашылық, дипломатиялық және жеке жолдаулар мен хаттар

болды. Бұл тарихи ескерткіштердің бір тобы – ресми сипаттағы қызметтік құжаттар болса, енді бір парасы – тұрмыстық, отбасылық, достық сипаттағы жеке адамдар арасындағы хаттар болды. Кейбір хаттарда қоғамдағы маңызды мәселелер қозғалып, саяси көзқарас, әлеуметтік идеялар көрініс тапты. Міне дәл осындай жолдаулардан келіп публицистикалық эпистолографияның алғашқы көріністері туды» [2], - деп жазады.

Осы ретте аталған ғылыми зерделеуімізде біз тек қана майдан хаттарын ҰОС-ның антропологиялық мазмұнын зерделеу үшін қарастырамыз. Кеңес үкіметі тұсындағы хаттар бірнеше түрлерге бөлінген. Атап айтсақ, 1) газет жанры негізінде; 2) мемлекеттік және қоғамдық мекемелерге жіберілетін іс қағаздар яғни ресми құжаттардың бірі ретінде; 3) белгілі тұлғаларға, жазушыларға, қоғам белсенділерімен ғалымдарға жіберілетін хаттар ретінде; 4) эпистолярлық жанрдың яғни жеке хат алмасудың бір түрі ретінде [3].

Майдан хаттары сол кездегі солдаттар мен офицерлердің психологиясымен ерекшеліктерін зерделеудің таптырмас қайнар бұлағы болып табылады.

Ұлтымыздың рухани байлығының сарқылмас қайнары болып табылатын халық ауыз әдебиетін зерттеп зерделеуде М.Ғабдуллиннің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Батыр, әдебиетші ғалымның қазақ фольклоры турасындағы зерттеу еңбектерінен бөлек оның публицистикалық мұралары туралы сөз қозғағанда, жазушының хаттарына тоқталмай өту мүмкін емес. Себебі, қазақ фольклоры мен әдебиеті тарихын түп-тамырынан қозғап, тексеріп-талдаған шынайы білімпаз-ғұламаның шалқар эпистолярлық мұрасында ұлттық, мемлекеттік қоғамдық-әлеуметтік мәселелер өткір, жарқын түрде әсерлі, мәнерлі, көркем баяндалған. Мәлік ағамыздың Сәбит Мұқановқа, Мұхтар Әуезовке, Ғабит Мүсіреповке, Әди Шәріповке, Бауыржан Момышұлына, Үміт Балқашевке, Есмағамбет Ысмайловқа жазған хаттарында соғыс даласындағы қазақ жауынгерлерінің ерліктері, олардың қаһармандық бейнесі, қазақ прозасы мен поэзиясы туралы сыни пікірлері мен ой-толғамдары, жүрек жарды сырлары барынша шынайы ақтарылған.

Бұл хаттардың танымдық, тәрбиелік, көркемдік мәні зор. Мысалы, әйгілі халық жазушысы Сәбит Мұқанов пен Мәлік Ғабдуллиннің шығармашылық байланысы сонау 1930-шы жылдардың басында қалыптасқан. Жазушы-ғалым бала кезінен ұлы Сәбит Мұқановтың ілтипатына бөленген, қос томдық шығармаларын жинастырып, жүйеге түсіріп, құрастырғаны белгілі. Бұл туралы деректер Сәбит Мұқанов хаттарында кездеседі. Мәлік ағамыз лапылдаған оттың, гүрсілдеген оқтың ішінде жүріп, өзі көрген соғыстың шындығын, майдан даласындағы жауынгерлердің ерлік істерін жазуды жалғастырғанын белгілі жазушы Ғ. Мүсіреповке жазған хатындағы: «Менің шатаспаған жерім аз ғой деймін. Соғысқа енісімен күнделікті жазуға кіріскем. Оның барлығы былтыр бір соғыста оққа ұшып кетті. Соңынан «Қазақ баласы» деген атпен көп нәрсе жаздым. Көлемі 750 беттен артық, дәптер бетімен санағанда, мұнда Бауыржан Момышұлы, Мұхан Сламқұлов, Балтабек Жетпісбаев, Төлеген Тоқтаров, Жалмұқанбет Бозжанов, Қазтай Садуақасов, Жұмажан Батталовтардың ісі, ерлігі және көптеген эпизодтар жиналды» [4] деуінен көруге болады.

Сондай-ақ М. Ғабдуллиннің әдебиет тарихшысы Есмағамбет Ысмайловқа жазған хатындағы «Қазақ баласы дегенді жазып жүрмін деген ем ғой. Мен соны қазыр жазып болдым... 320 бет болды», - деген үзіндіден де көруге болады [5].

Ержүрек жазушының өзі айтқандай, «көкала түтіні бұрқыраған майданда» соғыс суреттерін сипаттап жазу – екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейтiн анық. Мәлiк ағамыздың аталған туындысын қазiргi уақыттағы Мәлiк Ғабдуллин музейiнiң қызметкерлерiнiң ұсынуымен Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында Ақмола облысының әкiмi Ермек Боранбайұлы Маржықпаевтың қолдауымен 2020 жылы АҚ «Көкше-Полиграфия» баспаханасынан басылып шығарылды.

Батыр бабамыз ой-толғаныстарын ажарлы жеткiзуге шебер. Мәселен, Момышұлының зайыбы Жамалға жазған хатында мынадай бiр көркем лебiз бар: «Егер жазушы, ия ақын болсам, көк күмбездi қағаз етiп, көкала дарияны сия етiп «Батыр Бауыржан» деген хикая да жазған болар ем» деген жолдарынан көруге болады [6]. Сонымен бiрге адамгершiлiк, сүйiспеншiлiк, бiрлiк, татулық жайлы ойлары хаттарында барынша жақсы көрiнiс тапқан. Мәселен, «Адамның адамшылығын, iскерлiгiн, жалпы кiм екенiн сынайтын жер – қиыншылық жағдайлар деп ойлаймын. Мұндайда кiмнiң қолынан қандай iс келетiнi көрiнiп-ақ тұрады... тегiнде адамның қасиетiн оның сөзiнен, түр-тұрпатынан iздемей, iсiнен, ой-ынтасынан табу керек деп ойлаймын» [7], немесе «Адалдық, әдiлдiк үшiн қандай қиыншылық, қандай жазаға болса да азаматтық арымды, басымды тiгуге бармын, мен соған даярмын. Кемшiлiк – жетiспей жатқан нәрсенi ашып айтпаушылық, оларды бұркеуге тырысушылық – бұл әдiлдiк емес, ол әдiлсiздiк, осалдық, қорқақтық болып табылады» [6] – жауынгер жазушының жүрекжарды сөздерi осылайша тiзiледi.

Келесi досына жазған хатында автор: «Қандай адам болса да, ең алдымен, өз ақылы, ойымен iс iстеуi керек деймiз. «Кiсi ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген бар ғой. Бiрақ, бұл – кiсi ақылын алма деген сөз емес. Егер, бiреу жақсы ақыл берiп тұрса, оны тастама. Ал, ақылдың аты ақыл екен деп аптығып кетпе. Ақылдың да ақылы бар, аталысы бар, ақымақтығы бар. Олай болса, кiсi ақылын аларда оның дұрыс-бұрыс жағын ойлап, өз ақылыңа салып барып алу керек деймiн», [6] – деген парасатты ойын бiлдiрген.

«Қорқақтық жасау – қара басының қамын ойлаушылардың iсi. Кiмде-кiм өз пайдасын, өзiнiң жеке күш-қуаты болуын ойласа, ондай адам әдiл болмайды. Мұндай адам осы мақсатын орындау үшiн намысты, адамшылық, арды құнсыз нәрсеге айырбастап жiбередi де, сол жөнiнде өтiрiк айту, алдау дегендердi кәсiп ете алады. Әрине, мұндай адамдар халық қамын ойлаушы, көпшiлiк үшiн құрбан болушы деп атанбайды» [7] – адамның адамшылығы, кiсiлiгi жайлы қаламгер осылайша ой толғайды.

«Өтiрiк мақтанудың, әдiлдiктi айтпаудың не қажетi бар едi? Барды барша, жоқты жоқша айту басты шарт» [7], «Ойлану керек, достым. Кәрi қартаяды, жас өседi деген ғой. Егер, бүгiн бiз халық тiлегiне сай iс iстей алмасақ, онда болашақ жас ұрпақ, халқымыздың тарихы бiзге не айтады? Бүгiн бiз жақсы iстесек те, жаман iстесек те ертеңгi күннiң адамдарына, олардың алдында жауаптымыз» [6] – деп жауапкершiлiк ұғымын жазушы осылайша ұққан.

Отанын жаудан қорғау үшiн көп ұлттан тұратын Кеңес халқының iшiнде қазақ халқы ерекше ерлiкпен көзге түскенiнiң дәлелiн осы эпистолярлық мұрадан байқауға болады. Ұлттық мүдде мәселесi жазушы жазысқан хаттарда көп ұшырасады. Мәселен, «Халық пен тарихтың не екенiне түсiне бiлетiн адам, қоғамда алатын

орны қандай екеніне көз салатын адам өзінің ұлтын мақтаныш, намыс етуге, белгілі бір ұлттың ұлы атанғанына қуану керек... өз ұлтын, халқын сүймеушілік дүниеде ең барып тұрған тексіздік» [8] дей отыра, ««Қазақпын» деген сөзді мен: ұлтын сүю, халқын, елін, туып-өскен жерін сүю, халқының батырлық ерлік салтын, дәстүрін сүю, ғасырлар бойына жасалған ұлттық әдебиет пен мәдениетін сүю, өз ұлтына адал қызмет ету; досқа досша көмектесіп, достың жауымен өз жауыңша күресушілік деп түсінемін» -дейді [8]. Яғни, бұл хат жолдарынан біз соғыс кезіндегі әр жүрегі «қазақ» деп соғыш тұрған ұлтжанды ағаларымыздың қайсарлығы мен тепсе темір үзетін күшін, тайсалмас қайрат жігерлерін, өзге ұлттардан психологиялық ерікшеліктерін байқаймыз. Негізінде, ердің ері, ел еркесі, ар мен намыстан жаралған жалын жүректі Мәлік батыр ағамыз өзінің саналы ғұмырында халықтың мұң мұқтажының жоқтаушысы бола білген санаткер. Сондықтан да ой қиялын, ми санасын, көңіл сарайын толғандырған көкейкесті мәселелерді дереу хатқа түсіріп, Отанымыздың шартарабына жолдап отырған. КСРО кеңістігінде оның хаттары бармаған жер, сірә, жоқ шығар.

Майдан хаттарынан әскерилердің кәсіби қызметі олардың қысылтаян жағдайдағы қызметтік міндеттерді орындауын және сол кездегі мінез-құлқы, яғни экстермалды оқиғаларда дамитын психогенді ауытқулары мен психологиялық эмоцияналды тұрғыдан өздерін ұстағандарын қазіргі жас мамандарға үлгі ретінде ұсынуға болатыны хақ. Атап айтсақ, Бауыржан Момышұлына жазған хаттарында жазушы: «Майданда қазақ жігіттері қатардан қалыспай жаумен батырлық жасап соғысты, намысты бермей соғысты. Жеке жігіттеріміз өзінің абырой-атағын, награда алуды ойлаған жоқ, олар халқының абыройлы болуын көкседі, халқының рухын көтерді...» [9] деумен қатар «Қазақ халқын басқа көршілермен салыстырғанда анағұрлым ілгері жатқанын байқауға болады. Бұл мақтағандық емес, өмір шындығының растаған дәлелі де осы. Сіз айтқандай, ұлтына мақтанбайтын, оған қаны тартпайтын адам бола қоймас». Сондай-ақ, «Қазақ халқының батырлары Едіге, Қобыланды, Ер Тарғын тағы басқаларының халық үшін, халықтың бостандығы, бақыты үшін соғыстары. Бұл батырлар біздің мақтанышымыз»[7],-деген жолдарынан командир ретінде жеке құрамның ұрыс жағдайындағы өз міндеттерін адал орындауға моральды-психологиялық тұрғыдан бағыттауын, әскери жағдайдағы белсенділігі мен нәтижелілігіне өздері қатысып жатқан соғыстың мақсаттарының шыншылдығын сезіне білуіне үлкен әсерін тигізгенін көруге болады .

Қорыта келе, біз М. Ғабдуллиннің хаттарындағы сыйластық, ұлттық менталитет бейнесін яғни ұрпақтар сабақтастығынан туған рухани бірлік пен құндылықтар жүйесін, даналықты көрдік. М. Ғабдуллиннің эпистолярлық мұрасы оның биік парасатты пайымын, зерделі түйсігін, қоғамдық мәселелерді қозғаған азаматтық үнін танытуымен құнды. Сонымен бірге қазіргі замандағы шындық, болмыс әскери қызметшіге, оның мүмкіндіктері мен қабілеттеріне, оның ішінде тұлғаның дамуы тұрғысынан жаңаша қарауды талап ету орайында болашақ жас офицерлерді тәрбиелеуде нұсқаулық ретінде алуға болады деп ойлаймыз. М. Ғабдуллиннің сыншылдық, әдебиеттанушылық ой-пікірлерінен айқын көрініс беретін бұл хаттар – өз алдына әдеби мұра.

М. Ғабдуллиннің хаттарын стильдік тұрғыдан қазақ эпистолярлық публицистиканың озық үлгісі ретінде ұсынумен қатар майдан хаттары қазақ баспасөзінің дамуына ғана емес, қоғам санасының өрлеуіне де зор үлес қосты

деп есептейміз. Сонымен бірге батыр бабамыздың эпистолярлық мұрасында баспасөз тілі ерекшеліктерінің заңдылықтарын да, көркем туындыға қойылар талаптардың сақталуы мен сол кездегі сұрапыл соғыстың тарихын, суретін бейнелеуде таптырмас үлгі, мол қазына деп санаймыз. Ал ол оқиғалар публицистиканың алтын арқауы арқылы келер ұрпақ жадына жол тартары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ совет энц. Бас редакциясы, 1978. Т.12. – 600 б.
2. Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 486 б.
3. Варшавский Д. И. Мемуары, дневники и письма как исторический источник в вопросе изучения фронтового быта советских солдат в Великой Отечественной войне // Вестник МГОУ. – 2012. – № 4. – С.18-22.
4. Ғабдуллин М. Алтын жұлдыз. Очерктер, хаттар және күнделік. – Алматы: «Ана тілі», 2005 – 288 б.
5. Ғабдуллин М. Сұрапыл жылдар. – Алматы, «Жазушы», 1972. – 285 б.
6. М. Ғабдуллин. Майдан әңгімелері және бейбіт заман естеліктері, публицистикалық еңбектері. ІІІІ том. – Алматы, 2018. – 515б.
7. Касымова С. К. Қазақ тілін оқытудағы әскери афоризмдерді қолданудың әдістері мен ерекшеліктері // Наука и образование в гражданской защите. - 2021. - № 3(43). – С. 33-37.
8. Касымова С. К., Шарипханов С. Д., Раимбеков К. Ж. «Батыр ғалымнан ұлағат – ұрпаққа аманат». – Көкшетау: ҚР ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясы, 2021. – 43 бет.
9. Ғабдуллин М. Мен халықтың ұлымын. – Көкшетау, 2020. – 424 б .

References

1. Kazak soviet enciklopediyasy. – Almaty: Kazak soviet enc. Bas redakciyası, 1978. T.12. – 600 b.
2. ZHakyр B. Publicistikalyk shygarmashylyk negizderi. – Almaty: Kazak universiteti, 2007. – 486 b.
3. Varshavskij D. I. Memuary, dnevniki i pis'ma kak istoricheskij istochnik v voprose izucheniya frontovogo byta sovetskih soldat v Velikoj Otechestvennoj vojne // Vestnik MGOU. – 2012. – № 4. – S.18-22.
4. Qabdullin M. Altyn zhuldyz. Ocherkter, hattar zhane kundelik. – Almaty: «Ana tili», 2005 – 288 b.
5. Gabdullin M. Surapyl zhyldar. – Almaty, «ZHazushy», 1972. – 285 b.
6. M. Ғabdullin. Majdan аңgimeleri zhane bejbit zaman estelikteri, publicistikalyk enbekteri. ІІІІ tom. – Almaty, 2018. – 515 b.
7. Kasymova S. K. Kazak tilin okytudaqy askeri aforizmderdi koldanudyn adisteri men erekshelikteri // Nauka i obrazovanie v grazhdanskoj zashchite. – 2021. – № 3(43). – S. 33-37.
8. Kasymova S. K., SHariphanov S. D., Raimbekov K. ZH. «Batyr qalymnan ulaqat – urpakka amanat». – Kokshetau: KR TZHM M. Gabdullin atyndaqy Azamattyk korqanys akademiyasy, 2021. – 43 bet.
9. Qabdullin M. Men halyktyн ulymyn. – Kokshetau, 2020. – 424 b .

С. К. Касымова¹, А. К. Колпенова², Г. К. Мадина²

¹*Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина МЧС Республики Казахстан, Кокшетау, Казахстан*

²*Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

ВОЕННЫЕ ПИСЬМА КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ АНТРОПОЛОГИЧЕСКОГО СОДЕРЖАНИЯ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Аннотация. В последние десятилетия в отечественной исторической науке активно развивается направление, исследующее антропологическое содержание Великой Отечественной войны. В связи с этим в поле зрения ученых попадают эго-документы – воспоминания (мемуары), дневники и письма. Целью данной статьи является выявление репрезентативности фронтовых писем для изучения антропологического содержания Великой Отечественной войны. Исследование структуры фронтового письма производилось на основе методики формулярного анализа, представляющей эпистолярный текст в виде системной совокупности взаимосвязанных элементов. Наследия М. Габдулина позволяет осветить малоизученные аспекты Великой Отечественной войны, увидеть события глазами их непосредственных очевидцев и участников. История воинского жанра эпистолярной публицистики - письма - восходит к очень ранним временам.

Ключевые слова: эпистолярная публицистика, история, война, войн, воспитание, родина, верность, ученный, военное воспитание, оборона.

S. K. Kasymova¹, A. K. Kolpenova², G. K. Madina¹

¹*Civil Defence Academy named after Malik Gabdullin MES of the Republic of Kazakhstan, Kokshetau, Kazakhstan*

²*Eurasian National University named after L. N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan*

WAR LETTERS AS A SOURCE FOR STUDYING THE ANTHROPOLOGICAL CONTENT OF THE GREAT PATRIOTIC WAR

Abstract. In recent decades, a direction exploring the anthropological content of the Great Patriotic War has been actively developing in Russian historical science. In this regard, scientists come to the attention of ego-documents - memories (memoirs), diaries and letters. The purpose of this article is to identify the representativeness of front-line letters for the study of the anthropological content of the Great Patriotic War. The study of the structure of front-line writing was carried out on the basis of the method of formulaic analysis, which represents the epistolary text in the form of a systemic set of interconnected elements. The legacy of M. Gabdulin allows us to highlight little-studied aspects of the Great Patriotic War, to see the events through the eyes of their direct eyewitnesses and participants. The history of the military genre of epistolary journalism - letters - dates back to very early times.

Key words: epistolary journalism, history, war, wars, education, homeland, loyalty, scientist, military education, defense.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about the authors

Сандугаш Кенжебекқызы Касымова – ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы ТЖМ М. Габдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясының әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының профессоры. Қазақстан, Көкшетау, Ақан Сері к-сі, 136. E-mail: merei_72@mail.ru

Асия Коттумбетқызы Колпенова – 3-курс докторанты, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Kazakhstan, Астана, Сатпаева к-сі, 2. E-mail: k.asiya_k@mail.ru

Гүлбану Келдібековна Мадина – педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы ТЖМ М. Габдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясының әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының доценті. Қазақстан, Көкшетау, Ақан Сері к-сі, 136. E-mail: gulbanu_madina1979@mail.ru

Касымова Сандугаш Кенжебековна – к.ф.н., профессор кафедрасы социально-гуманитарных дисциплин, языковой и психологической подготовки Академии гражданской обороны им. М. Габдуллина МЧС Республики Казахстан. Казахстан, Кокшетау, ул. Акана Серэ, 136. E-mail: merei_72@mail.ru

Колпенова Асия Коттумбетовна – докторант 3-курса, Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Казахстан, Астана, ул. Сатпаева 2. E-mail: k.asiya_k@mail.ru

Мадина Гүлбану Келдибековна – магистр педагогических наук, доцент кафедры социально-гуманитарных дисциплин, языковой и психологической подготовки Академии гражданской обороны им. М. Габдуллина МЧС Республики Казахстан. Казахстан, Кокшетау, ул. Акана Серэ, 136. E-mail: gulbanu_madina1979@mail.ru

Sandugash K. Kasymova – Candidate of Philological Sciences, Professor of the Department of Social and Humanitarian Disciplines, Languages and Psychological Training of the Malik Gabdullin Academy of Civil Protection of the MES of the Republic of Kazakhstan. 136 Akana Sere str., Kokshetau, Kazakhstan. E-mail: merei_72@mail.ru

Asiya K. Kolpenova – 3 rd-year doctoral student, L. N. Gumilyov Eurasian National University. 2 Satpayev str., Astana, Kazakhstan. E-mail: k.asiya_k@mail.ru

Gulbanu K. Madina – Master of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Social and Humanitarian Disciplines, Languages and Psychological Training Malik Gabdullin Academy of Civil Protection of the MES of the Republic of Kazakhstan. 136 Akana Sere str., Kokshetau, Kazakhstan. E-mail: gulbanu_madina1979@mail.ru